

# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

## АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Аристотель этикасы





**Мақсаты** – Аристотельдің өнегелік философиясын қарастыру.

**Жоспары:**

1. Аристотель эвдемонизм жайында.
2. Аристотель өнегелік және зияткерлік ізгіліктер туралы.
3. Ләззат және бақыт.

**Түйін сөздер**

Бақыт, эвдемонизм, ләззат, даналық, түсіну, өнегелік ізгіліктер, зияткерлік ізгіліктер.

### **Аристотель эвдемонизм жайында**

«Филебте» баяндалған жақсы өмірдің өлшемі Аристотельдің жақсы өмір концепциясында қайта жаңғырады. Никомах этикасының басында айтылғандай, біз іздеген игілік басқа мақсаттармен салыстырғанда мінсіз болуы керек, яғни ол басқа нәрсе үшін емес, тек өз мүддесі үшін ізденісте болғаны жөн; ол өзіне-өзі жеткілікті, өмірді мәнге толтыратындай тек өзімен-өзі кемшіліксіз болу керек. Бұл – бақыттың (eudaimonia) қасиеттері, – дейді ол.

Аристотельдің этикалық трактаттарының бәрінде бақыт ұғымы басты мәнге ие. Дегенмен ол Евдем этикасында неғұрлым айқынырақ түсіндіріледі, сондықтан, Кенни Никомах этикасының ең танымал мәтінінен гөрі осы туындыны талдауды жөн көреді. Трактат, Жақсы өмір дегеніміз не және оған қалай жетуге болады? деген сұрақтан басталады. Сұрақтың екінші бөлігіне бес түрлі жауап (табиғат арқылы, оқу арқылы, тәртіп арқылы, Құдайдың ықыласы және сәттілік арқылы), ал бірінші бөлігіне жеті түрлі (даналық, ізгілік, ләззат, ар-намыс, бедел, байлық және мәдениет) жауап ұсынылады. Аристотель екінші сұрақтың кей жауаптарын бірден жойып тастайды: егер бақыт тек табиғатқа, Құдайға немесе сәттілікке байланысты болса, онда ол көптеген адамдардың құзырында болмас еді, олардың қолынан ештеңе де келмес еді. Дегенмен екінші сұрақтың толық жауабы бірінші сұрақтың жауаптарына байланысты екені анық: Аристотель осы мәселе бойынша біршама іздене келіп, Не үшін өмір сүру керек деген сұрақтың жауабын іздеумен айналысады. Егер адам өмірі өмір сүруге тұрарлық болса, ол, әрине, нақты мақсатқа айналуы керек. Дегенмен мұндай мақсат – ләззат. Физиологиялық ләззат алу өздігінен адам өмірінің лайықты мақсаты болу үшін жеткіліксіз, тым тұрпайы: бірақ егер оларды эстетикалық және зияткерлік ләззатпен үйлестірсек, онда біз адам баласы үнемі ұмтылатын мағыналы мақсаттарды табамыз. Кей адамдар ізгі іс-әрекетке толы өмірді, яғни ақшаны немесе билікті ғана көздейтін тұлғасымақтардың емес, нағыз тұлғалардың өмірін қалайды. Не үшін өмір сүресің? – деп сұрағанда: «Ғаламдағы ғаламат тәртіп пен аспанды сүйсіну үшін», – деп жауап берген Анаксагордың мысалындағы секілді, ғылыми толғаныстарға арналған үшінші өмір де бар. Сонымен, Аристотель «Жақсы өмір дегеніміз не?» деген сұраққа ықтимал жауаптардың тізімін азайтып, үшеуін ғана қалдырды: даналық, ізгілік және ләззат. Ойшылдың айтуынша, мұның бәрі өмір сүрудің үш саласымен – философияны, саясатты және ләззатқұмарлықты біреуімен немесе басқасымен бақыт түрінде байланысқан, – дейді ол. Бұл үштік – Аристотельдің этикалық ізденістерінің кілті. Евдем этикасы және Никомах этикасы трактаттарында ізгілік, даналық (phronesis) және ләззат ұғымдары толық талданады. Ал Аристотель бақыт концепциясының өз пікірін білдірсе, бақыт ұғымы өмір сүрудің дәстүрлі үш түрінің де жағымды жақтарын қамтиды дер еді.

Бұл мақсатқа жетудің жолындағы маңызды қадамы – этика саласында әлеуеттілік пен нақтылықтың метафизикалық талдауын қолдану болмақ. Аристотель ахуал (hexis) және оны пайдалану (chresis) немесе іске асыру (energeia) арасындағы айырмашылықты ашып көрсетеді. Ізгілік те, даналық та – ахуал, ал бақыт – әрекет, демек, оны жәй ғана сәйкестендіруге келмейді. Бақытқа апарар әрекет – ізгілікті пайдалану немесе оны іске асыру. Даналық пен моральдық ізгілік әртүрлі hexis болса да, олар әрдайым бір energeia-да бірге жүреді, сондықтан да олар – бәсекелес емес, бақыттың ынтымақтасқан мүшелері іспетті. Сонымен қатар, Аристотельдің пікірінше, ләззат дегеніміз – тиісті ахуалдың кедергісіз жүзеге асырылуымен бірдей: демек, осы екі ахуалдың кедергісіз жүзеге асырылуының нәтижесі деп есептелген бақыт – ізгілік, даналық және ләззатқа толы өмір болады.



Осы тұжырымға жету үшін талай беттен тұратын талдау мен дәлел қажет. Біріншіден, бақыт өзінің ізгілікке сәйкес келетін әрекет екенін көрсетуге тиіс. Бұл адам баласының міндетін немесе ерекше әрекетін (ergon) қарастырудан туындайды. Түрлі адам типтерінің (мүсіншінің) міндеттері болатыны секілді, – деп мәлімдейді Никомах этикасы, – оның жанының бөліктері мен мүшелерінің де белгілі міндеттері бар, демек, адамның да міндеттері болуы тиіс. Бұл қандай міндет? Өсу мен қоректену емес екені айқын, өйткені олар – өсімдіктерге байланысты іс, түйсікпен сезініп қана өмір сүру де емес, өйткені ол – жануарларға тән тіршілік. Бұл нақты іспен тығыз байланысты саналы өмір: ақылмен үйлескен ішкі дүниенің әрекеті болуы керек. Демек, адамның қалыпты жұмыс істеуі үшін жанның белсенділігі ізгілікке сәйкес болуы қажет. Іске асырылмаған ізгілік – бақыт емес, ұйықтап өткізген өмірмен бірдей, ал ондай өмірді ешкім бақытты өмір демейді. Екіншіден, Аристотель ізгілік ұғымын талдауға тиіс. Адам ізгіліктері алдыңғы тарауда талқыланған жанның бөліктеріне сәйкес жіктеледі. Жанның бос өмірінің қандай да бір жетістігі, мысалы, салауатты ас қорыту нақты адамзат игілігімен байланысты, ол этикаға қатысы жоқ. Жанның қалау мен құмарлыққа қатысты бөлігі ақылдың бақылауында, бұл – нағыз адамға тән нәрсе: оның ерлік пен ұстамдылық сияқты жеке өнегелік ізгіліктері бар. Жанның рационалды бөлігі – зияткерлік ізгіліктердің тұрағы.

### Аристотель өнегелік және зияткерлік ізгіліктер туралы

Моральдық ізгіліктер жайында «Никомах этикасының» 2–5-кітаптарында және «Евдем этикасының» 2–3-кітаптарында айтылады. Бұл ізгіліктер туа біткен емес, тәжірибе арқылы жинақталады және өмірде іске асырылмаса, өз-өзінен жойылады: олардың ақыл немесе есте сақтау қабілеттерінен айырмасы осында. Олар нақты жағдайда тұрақталғандықтан, ашулану, қайғыру сияқты уақытша көңіл құмарлығынан ерекшеленеді. Адамның жақсы әлде жаман болуы, мақтауға тұрарлық әлде жазғыруға лайық болуы қасиеттердің жай ғана бар немесе жоқтығынан емес, яки жай ғана құмарлықтың көрінісі саналмайды. Бұл – мінез-құлықтың күйі, ол мақсат (prohairesis) және әрекет (praxis) арқылы көрінеді.

Ізгілік жақсы мақсатта болады, ал бұл – жақсы өмір сүру жоспарына сәйкес әрекет етуге берілер нұсқаулық. Аристотельдің айтуынша, өнегелі ізгілік жолындағы әрекеттер артықшылық пен кемшіліктен аулақ болады. Мысалы, ұстамды адам тым көп ішіп-жемеуге тырысады; алайда ол тым аз ішіп-жеуден де аулақ болады. Ізгілік артықшылық пен кемшіліктің арасындағы орта деңгейді таңдайды. Аристотель дәстүрлі сипаттағы ерлік пен ұстамдылықтан басталатын ізгіліктердің ұзын сонар тізімін талқылайды, оның ішінде жомарттық, шынайылық, бекзаттық және жайдарлылық бар, сонымен қатар, әрқайсысының орта мәні қандай екеніне қысқаша тоқталады.

Орта мән доктринасы – орташа болу немесе жұрттың тек жуан ортасында жүру туралы нұсқау емес. Аристотельдің пікірінше, жеудің, берудің, сөйлеудің дұрыс мөлшері адамға байланысты өзгеріп тұрады, мысалы, олимпиялық чемпионға арналған тағам мөлшері спортқа енді келген жас жігітке сәйкес келмеуі мүмкін. Ізгілік тек әрекетке ғана емес, құмарлыққа да қатысты. Біздің қорқынышымыз тым көп немесе тым аз болуы мүмкін, бойымыздағы батылдық сол қорқыныш орынды болса – қорқуға мүмкіндік береді, ал орынсыз болса – жүрегімізді рухтандырады.

Ерекшеліктер мен құмарлықтың орташа өлшеміне қамқорлықпен қатар, ізгіліктер екі қарама-қарсы ақаулардың арасында алтын ортасын алады. Мәселен, батылдық – орташа мән, оның бір жағында көзсіз ерлік болса, екінші жағында қорқақтық бар; жомарттық – сараңдық пен ысырапшылдықтың ортасындағы жалғыз аяқ жол. Бірақ әрекет пен құмарлықтың орта мәні бар болса, ізгіліктің өзіндік ортасы жоқ: әрекеттің немесе құмарлықтың белгілі бір түрі тым көп болса, ізгілік тым көп бола алмайды. Егер біз біреуді тым батыл десек, оның іс-әрекеті ерлік ізгілігі мен көзсіз батырлық арасындағы шегарадан өткені. Егер ізгіліктің артық болуы мүмкін болмаса, онда кемшіліктің де аз болуы мүмкін емес: яғни ізгіліктің орта мәні болмағандықтан, кемшіліктің де орта мәні болмайды.

Барлық өнегелік ізгіліктер әрекет пен құмарлықтың орта мәні болғанымен, бұл іс-әрекет пен құмарлықтың әрқайсысы игілікті мәнге ие бола алады дегенді білдірмейді. Кейбір іс-әрекеттің



мүлде дұрыс мөлшері болмайды, себебі олардың кез келген мөлшері тым көп: Аристотель мысал ретінде, кісі өлтіру мен ойнас қылуды келтіреді. Ойнастық дұрыс адаммен, дұрыс уақытта және дұрыс жерде болды деген ұғым жоқ. Сол сияқты, орта мән ұғымы қолданылмайтын құмарлықтар да бар: мәселен, қызғану мен зұлымдықтың дұрыс мөлшері жоқ.

Аристотель моральдық ізгілік туралы ойларын қорытындылай келе, оны таңдау арқылы білінетін, дана адамның нұсқауымен тиісті ортаңғы мәнде және нақты рецептпен көрсетілетін мінездің халі деп атайды. Енді бұл пікірді қорыту үшін ол даналықтың не екенін, адамның оған қалай қол жеткізетінін түсіндіруі керек. Этиканың екі кітабында да ол зияткерлік ізгілікті жан-жақты зерттеген. Даналық дегеніміз – тек зияткерлік ізгілік емес, – деп ойлайды Аристотель. Әр нәрсенің ізгілігі оның *ergon*-ына, оның міндеті немесе жұмысына байланысты. Ақылдың жұмысы – дұрыс және жалған пайымдар түзу, өз жұмысын жақсы атқарған кезде, ол ақиқат пайымдау жасайды. Зияткерлік ізгілік – ақылдың ақиқатты табуына ықпал ететін артықшылық. Аристотельдің пікірінше, осындай күйге жеткізетін бес ізгілік бар: өнер (*techne*), ғылым (*episteme*), даналық (*phronesis*), түсіну (*sophia*) және интуиция (*nous*). Бұлар ақыл-ойдың шын немесе жалған бола алатын басқа сенім немесе пікір (*doxa*) секілді психикалық күйлерінен ерекшеленеді. Осылайша, зияткерлік ізгілік деп атауға лайық бес нұсқа бар. Осы нұсқаны толығымен қарастырып болғаннан кейін Аристотель түсіну (*sophia*) теоретикалық бөлімнің ізгілігі (*epistemonikon*) дейді, ол өз кезегінде мәңгі ақиқаттармен қосылады; ал даналық – практикалық бөлімнің ізгілігі (*logistikon*) – ол адам әрекеттерін қарастырады. Басқа барлық зияткерлік ізгіліктер не бөлшек болады, не теоретикалық және практикалық ізгіліктердің екеуіне қосақталуы мүмкін.

Практикалық ақылдың зияткерлік ізгілігі жанның эмоционалды бөлігінің өнегелік ізгіліктерімен бөлінбейтін байланыста. Бұл мүмкін емес, – дейді Аристотель, – даналықсыз шынайы жақсы болу немесе ізгіліксіз дана болу. Бұл ақиқаттың практикалық ақылымен байланысы бар ақиқат табиғатынан шығады.

## Ләззат және бақыт

Аристотель ләззат пен бақыт арасындағы қарым-қатынасты айқындауды көздеп, алдымен ләззат табиғатының жалпы сипаттамасын береді. Ол мұны Никомах этикасында да, Евдем этикасында да жасайды. Әр трактатта Аристотель ләззаттың жіктемесін ұсынады. Ол төменгі (сипай сезу мен дәм сезу) және жоғарыға (көру, есту, иіс сезу) бөлінген жалған ләззаттар, физиологиялық ләззаттар, сезім мүшелерінің эстетикалық ләззатары және ең жоғарыдағы сана ләззаты.

Аристотель – ләззат әрекетті жетілдіреді дейді. Аристотельдің нені меңзегенін білу үшін дәм сезудің эстетикалық рақатын қарастырайық. Сіз кемеліне келген шараптың дәмін татып отырсыз; суық тиюден амансыз және сырттағы әуенге алаңдамайсыз; егер шарапты ұнатпасаңыз, сіздің дәм сезуіңіз жақсы емес («сезу мүшеңізде мүкіс болуы мүмкін») немесе шараптың өзі нашар («ол ең жақсы мақсатты көздеп дайындалмаған»). Үшінші балама жоқ. Ләззат – «әрекетті жетілдіреді» дегеніміз, әрекетке себепші болуды – бұл мысалда дәм татуды білдіреді, жақсы болу – осыған ұқсас. Сезім мүшесі мен объект – мына жағдайда дәм сезу мен шарап – әрекеттің әрекетшіл себебі. Егер екеуі де жақсы болса, онда олар жақсы әрекеттің тиімді нәтижесіне ұласпақ, яғни осындай әрекеттің жақсы үлгісі. Бірақ ләззат әрекетті тиімді нәтиже ретінде емес, соңғы нәтиже ретінде тудырады: денсаулық ретінде, дәрігер ретінде емес. Осы талдаудан кейін Аристотель ләззат пен игілік арасындағы қатынасты ой елегінен өткізеді. «Ләззат жақсы ма, әлде жаман ба?» – деген сұрақ тым қарапайым: оның жауабын рақат түрлері бөлініп, жіктелгеннен кейін ғана беруге болады. Ләззат өз бетінше жақсы немесе жаман нәрсе болмайды: жақсы іс-әрекетке лайық ләззат – жақсы, ал жаман әрекеттерге лайық ләззат – жаман. Осылайша, ләззат (белгілі бір түрдегі) барлық адамдық игіліктердің ең жақсы түрі болып шығады. Егер бақыт ізгіліктің ең жоғары формасын жетілдіруден тұрса, ал ізгілікті жетілдіру ләззат болса, онда бақыт пен ләззат – бөлінбейтін біртұтас ұғым.

«Филебте» Платон жақсы өмір неден құралады: ләззаттан ба, даналықтан ба? деп сұрайды. Аристотель екеуі бақытқа үміткер ретінде бір-бірімен бәсекелеспейтінін дұрыс түсінсе ғана



жақсы өмір болады деп жауап береді. Phronesis-тың ең жоғары формасын жетілдіру – ләззаттың ең шынайы формасынан айнымайды; әрқайсысы бір-бірімен және бақытпен бірдей. Дегенмен Платонның қолдануында «phronesis» зияткерлік ізгіліктің бүкіл түрін қамтиды, ал Аристотель оларды даналық (phronesis) және түсіну (sophia) ретінде ажыратады. Біз бақыттың даналық ләззатына, әлде түсіну ләззатына сәйкес келетінін сұрасақ, Аристотельдің екі этикалық трактаты әрқилы жауап береді.

Никомах этикасында жоғарғы бақыт – түсіну ләззатына бөлейтін әрекет, Аристотель оны «түйсіну» дейді. Білу ізденуге қалай қатысты болса, түйсіну де философияға солай қатысты делінді: ол бізге беймәлім бір жол арқылы философиялық ізденіс жемістерін пайдаланудан тұрады. Евдем этикасында бақыт тек бір ғана басым ізгілікті жетілдірумен шектелмейді, ол барлық ізгіліктерді жетілдіруді және тек түсінумен ғана емес, даналықпен байланысты барлық ізгіліктерді жетілдіруді қамтиды. Осы ізгіліктерге сәйкес әрекет – рақат, сондықтан шынымен бақытты адам рақатқа толы өмір сүреді. Ізгі адам үшін «жақсы» және «рақат» ұғымдары оларды қолдану барысында бірігіп кетеді, егер екеуі сәйкес келмесе, онда адам ізгі емес. Бұл үйлесімді болдыру – этиканың міндеті.

Евдем этикасы бақыт түсінігін Никомахтың этикасы сияқты философиялық түйсінумен тең ұғым деп білмесе де, оны бақытты адам өмірінде доминантты қояды. Евдем этикасында, зияткерлік және өнегелік ізгіліктерді жетілдіру бақыттың бөлігі ретінде қарастырылады; бірақ олардың жетілдіру стандарттары олардың түйсіну қабілетіне байланысты – мұнда ол философиялық емес, теологиялық терминдерде анықталады. Сондықтан Евдемнің бақыт идеалы түйсіну, өнегелік ізгіліктер және ләззатқа берген орны – Аристотель уәде еткендей, дәстүрлі тіршіліктің үш түрінің – философ өмірінің, саясаткер өмірінің және ләззат іздеуші өмірінің ерекшеліктерін біріктіруге үміткер бола алады. Бақытты адам ең алдымен түйсінуді жоғары бағалайды, бірақ, оның бақытты өмірінің бір бөлігі саяси ізгіліктерін жетілдіруге және адам табиғаты қалайтын жан мен тән рақатына кенелуге арналады.

Сонымен, Энтони Кенни кітабының сегізінші тарауында талданған Аристотель философиясындағы этикалық сұрақтарды қарастырдық. Келесі дәрісте біз антика философиясындағы ізгілік мәселесін жалғастырамыз.

## Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Аристотельдің этикалық трактаттарында басты орынды қандай түсінік алады?
2. Өнегелік ізгілік пен зияткерлі ізгіліктің айырмашылығы неде?
3. Аристотельдің ортаңғылық (өлшем) ілімін қалай түсіндіріп бересіз?
4. Аристотель қандай басты зияткерлік ізгіліктерді бөліп алады?
5. Аристотель ләззатты қалай жіктейді?
6. Аристотель философиясындағы ләззат пен ізгілік қалай қарым-қатынасады?
7. Аристотель бойынша бақыттың мәні?
8. Бақытты адам ең алдымен нені бағалайды?

## Әдебиет

1. Kenny A., (2012) A New History of Western Philosophy – In Four Parts, Clarendon Press Oxford.
2. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. /Ауд. М. Л. Гаспарова. Жалпы ред. А. Лосева. («Философское наследие» топтамасы). – М., Мысль, 1979. – 624 б.
3. Чанышев А. Н., Курс лекций по древней философии. – М., 1981.
4. Платон, Диалоги. – М.: Академический проект, 2017.
5. Adler M., Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy. Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).